

ISSN 3134-8440  
eISSN 3134-8459

# ЯСАУИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК  
ЯСАУИТАНУ ғылыми орталығы

# YASAWI STUDIES

«AZRET SULTAN» National Historical and Cultural Museum-Reserve  
RSEREM  
YASAWITANU Scientific center

# ИССЛЕДОВАНИЕ ЯСАВИ

РГКП «Национальный историко-культурный музей-заповедник  
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» Научный центр ЯСАУИТАНУ

Том 1, №1

Түркістан 2025



# ЯСАУИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Журнал 2025 жылдан бері басылып келеді.  
Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
Ақпарат министрлігінде тіркелген.

Қайта есепке қою куәлігі: № KZ00VPY00140194  
«Ясауи зерттеулері» журналы жылына 4 рет шығады

ISSN 3134-8440  
eISSN 3134-8459



## Редакция алқасы:

**ДҮКЕНБАЕВ Нұрлан Мұсағалиұлы** - "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы директоры м.а. алқа төрағасы (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0009-0002-2791-9554>

**МОЛЛАҚАНАҒАТҰЛЫ Сайпулла** - "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының басшысы, алқа төрағасының орынбасары (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-8411-5977>

**ТАСТАНБЕКОВ Мұрат Мейірбекұлы** - т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы директорының орынбасары (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-8707-7075>

**МУМИНОВ Әшірбек Құрбанұлы** - т.ғ.д., профессор, IRCICA Бас директорының Орталық Азия бойынша кеңесшісі (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-3430-928X>

**ҚОЖА Мұқтар Бахадірұлы** - т.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-9619-7968>

**КЕНЖЕТАЙ Досай Тұрсынбайұлы** - филос.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0003-0507-1011>

**ЙЫЛДЫЗ Мұса** - профессор, Гази Университеті (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-7373-0333>

**ӨГЕР Адем** - профессор Хаджи Бекташ Вели университеті, Филология факультеті, Түркі халық ауыз әдебиеті бөлімі (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0003-1278-2110>

**ГҮЛТЕН Садуллах** - профессор Анкара Хаджи Байрам Вели университеті, Магистратура және докторантура институты (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-9986-4367>

**ҮШЕНМЕЗ Емек** - доцент Ыстамбұл университеті, Түркі тілі және түркі диалектілері кафедрасы (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0003-4729-4491>

**ТОСУН Неждет** - профессор, Мармара университеті (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-7618-916X>

**ХҮММӘТОВА Хураман Бәһмәнқызы** - профессор, Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясының Низами Гәнжәви атындағы Әдебиет институтының Түркі халықтары әдебиеті бөлімінің бас ғылыми қызметкері (Әзірбайжан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-5426-5766>

**ЯМАН Али** - профессор, Манас университеті (Қырғызстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-5282-5686>

**ДАҒЫСТАН Сердар** - PhD, доцент м.а. Манас университеті (Қырғызстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-1685-4890>

**БАБАЖАНОВ Бахтияр Миромович** - т.ғ.д., профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері (Өзбекстан).

ORCID <https://orcid.org/0009-0003-6623-4125>

**ЖАШПОРОВ Нурбой** - ф.ғ.к., профессор, Әлішер Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті (Өзбекстан).

ORCID <https://orcid.org/0009-0000-2380-398X>

**ҚОРҒАНБЕК Болат Сағынбекұлы** - ф.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Евразия университеті (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-9190-4456>

**МОЛЛАҚАНАҒАТҰЛЫ Сайпулла** - "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының басшысы (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-8411-5977>

**ТҮЯҚБАЕВ Өмір Оразұлы** - PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің "Жазба жәдігер және рухани мұра" ғылыми-зерттеу орталығының қызметкері (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0003-3846-7426>

**ҚЫДЫР Төрәлі Еділбайұлы** - ф.ғ.к., доцент, ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры, (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-9549-256X>

**ПРИМКУЛОВА Гаухар Жанкулловна** - т.ғ.к., доцент, "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-9074-9458>

**САЙФУНОВ Бауыржан Насырдинұлы** - PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ясауитану ғылыми-зерттеу институты директоры (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-8707-7075>

**ТӨЛЕГЕН Мұхит Жылқайдарұлы** - PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-8325-3278>

**КӨШЕНОВА Гүлбану Мұхамеджанқызы** - PhD, "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығы (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-8537-6490>

**МЕЙРМАНОВ Аманжол Досжанұлы** - ФСДИ Философия орталығының аға ғылыми қызметкері (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-6525-7320>

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Авторлар қолжазбасы өңделеді және кері қайтарылмайды.

161200 Түркістан қаласы, Әмір Темір, 53а  
Телефон 8 (72533) 3-23-00,  
E-mail: [yasawicenter@gmail.com](mailto:yasawicenter@gmail.com)  
Журналдың арнайы сайты:  
[journal-yasawicenter.com](http://journal-yasawicenter.com)

Редакция, баспа құрылтайшының мекен жайы:

**2-бөлім**

**ЯСАУИ МҰРАСЫ: ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ**

**Section 2**

**YASAWI HERITAGE: LANGUAGE AND LITERATURE**

**Раздел 2**

**НАСЛЕДИЕ ЯСАВИ: ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА**

**Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы, Астана, Қазақстан,  
e-mail: [a\\_zhanat@mail.ru](mailto:a_zhanat@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-7061-3000>

**ЯСАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ДАСТАНЫ МЕН ДАНТЕНІҢ  
«ҚҰДЫРЕТТІ КОМЕДИЯ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ЖҰМАҚ БЕЙНЕСІ**

**Аңдатпа.** Мақалада Ясауидің «Диуани хикмет» дастаны мен Дантениң «Құдыретті комедия» поэмасындағы жұмақ бейнесі салыстырыла қарастырылады. Ясауи гуманистік ұлы мұратты адам рухының өзегі ретінде ұғындырып, жұмақты рух мәңгілік салтанат құратын орын деп бейнелесе, Данте осы оймен үндесіп, жұмақты ғажайып қалыпта суреттегені туралы тұжырым жасалады. Екі туындыдағы жұмақ бейнесін салыстыра келе, гуманистік мұраттың мәңгілік өзекті тақырып екенін дәйектеуге қол жеткізіледі.

**Кілт сөздер:** гуманизм, рух, екі дүние, жұмақ, түркі мәдениеті, дүниетаным, хикмет жанры.

**Abstract.** The article compares the image of paradise in Yasawi's dastan «Diwani Hikmet» and in Dante's poem «The Divine Comedy». It is concluded that Yasawi interpreted the great humanistic idea as the source of the human spirit, depicting paradise as a place

where the spirit reigns forever, and Dante was in tune with this idea and described paradise in a beautiful way. Comparing the image of paradise in the two works, it was possible to establish that the humanistic idea is an eternal topical topic.

**Keywords:** humanism, spirit, two worlds, paradise, Turkic culture, worldview, hikmet genre.

**Аннотация.** В статье сравниваются образ рая в дастане Ясави «Дивани хикмет» и в поэме Данте «Божественная комедия». Делается вывод, что Ясави интерпретировал великую гуманистическую идею как источник человеческого духа, изображая рай как место, где дух царит вечно, а Данте был созвучен этой мысли и описал рай в прекрасном образе. Сравнивая образ рая в двух произведениях, удалось установить, что гуманистическая идея – вечная

актуальная тема. **Ключевые слова:** гуманизм, дух, два мира, рай, тюркская культура, мировоззрение, жанр хикмет.

**Кіріспе.** Адамзат жадында «Мәңгілік өмір» туралы сенімнің қалыптасқаны қай дәуірден бастау алғаны бүгінгі ғылымға беймәлім. Көне дүниетаным болып саналатын мифтік баяндарға назар салсақ, сол мәңгілік өмір туралы сенім «екі дүние», «үш әлем» моделін туындатқанын көреміз. Ал, мәңгілік өмірдің салтанатты әрі уайым-қайғасыз, бақытқа толы болуы ізгілікке негізделеді.

Көне танымның руханият өзегінде жатқан құндылықтарды қалыптастырудағы мәні зор. Рухтың мәңгілік тұрағы деп түсіндірілетін о дүние, яғни бақи – ізгілікті тұтынушы әр адамның орны ретінде жұмақты (бейішті) белгілейді. Яғни о дүниенің ізгілікке мекен тұрағы – жұмақ (жәннат, бейіш), ал тозақ (тамұқ) – зұлым ниеттің мекені. Жұмақ пен тозақ бейнесі киелі кітаптардың ғана емес, көркем туындылардың да алтын өзегіне айналды. Солардың қатарында Дантениң «Құдыретті комедия» туындысын ерекше атауға болады. Бұл туындыда суреттелетін жұмақ сипатын түркі

дүниесінің ғұламасы, рухани ұстазы Ясауи хикметтерімен салыстыру арқылы жалпыадамзаттық көркемдік таным негіздерін тани түсуге мүмкіндік туады.

Әуелі бейіш туралы түсінікке назар аударайық.

«Бейіш – бұл дүниедегі күнәлары Алла тағала тарапынан кешірілген адамдардың о дүниедегі рахатқа бөленетін мәңгілік мекені. Қазіргі халық тілінде бейіш пен жұмақ мәндес мағынада қолданыла береді. Бірақ бұлар абсолютті синоним емес. Бейіш ұғымының мәні кеңдеу» [1, 465], – деп, жұмақты бейіштің бөліктері ретінде түсіндіреді. Сөйтіп бейіштегі жұмақ санын сегіз сатыда көрсетеді. Олар: 1) Дарис салам; 2) Дарил қырау; 3) Жаннат-нағим; 4) Жаннат-Ғадін; 5) Жаннат-Алмауи; 6) Жаннат Фирдаус; 8) Жаннат нығметі (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі», 1-том, 2014: 465)

Ұлттық руханиятымыздың көрнекті тұлғасы, әулие Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Хор қыздарының хикаясы» өлеңінде бейіш былай суреттеледі:

Пейіште тоба ағашы, жапырағы зор,  
Жарығы (иарығы) күннен раушан, баршасы – нұр!  
Болғанда түбі аспанда, басы – төмен,  
Иіліп жерге қарай салбырап тұр.  
Мысалы күн секілді көрінісі,  
Саны жоқ, балдан тәтті, көп жемісі.  
Салбырап аспан көктен мәуеленіп,  
Сонымен сегіз пейіш толған іші. (Көпеев М., 2013: 176).

Бейіштің сипаты: «бал-шырынды жеміс, кәусәр бұлақтар; сән-салтанатты орынжай, хор қыздарымен» суреттеледі (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі», 1-том, 2014: 466). Бұлар адам жанын қуапнышқа, нұрға бөлейтін көріністер. Ал, оған жету үшін фәни тірлікте ізгілікпен, жақсылықпен ғана өмір сүру керек.

Ясауи «Диуани хикмет» еңбегінде жұмақ пен тозақты айтыстыру арқылы гуманистік ұлы мұраттарды үлгі етеді. Адам баласының адамгершілік болмысы ар-ұятпен бағаланатыны, рухани құндылықты тұтыну ұстанымы қазақ фольклорына тән айтыс үлгісінде айқындалады. Яғни ізгілікті таныту мақсатында оны зұлымдықпен, жамандықпен салыстырады. Қазақтың ұлттық өнері санатындағы айтыста ұтымды да тапқыр сөзбен қарсыласты жеңу мақсат етіледі. Ясауи хикмет жанрын түркі өлеңімен мазмұндық, пішіндік тұрғыда үйлестіріп, айтылар ойды жеткізудің тиімді тәсілі ретінде пайдаланады. Бұл қосарлы-қайшылықты ұғымның адамзат танымындағы мәдени код ретінде рухтың тазалығы мен асқақтығы жолындағы күресті таныту мақсатында сөз өнерінің басты нысанына алынғаны белгілі.

Күллі адамзаттың асыл мұраты – ізгілік жолымен ақиқатқа жету болса, ұлы ойшылдың танымы бойынша рухани биіктеудің төрт сатысы айтылады. Олар: шарифат, тарихат, ақиқат, мағрифат.

Шарифаттың бау-бағында ұран қылдым,  
Тарихаттың гүлзарында сайран қылдым.  
Хақиқаттан қанат тұтып құс та болдым,  
Мағрифаттың есігін де аштым, достар (Ясауи Қ., 2016: 8)

Осы ұғымдардың әрқайсысы адам баласының кемелденуінде қандай рөл атқаратыны хикмет тілімен түсіндіріледі. Яғни жұмақ мекеніне тұрақтау үшін пенде баласы рухани кемелденуге бет бұруы керек.

Түркі мәдениетінің тұтас бір кезеңі Қ.Ясауидің ілімімен байланысты. Мәдени санада сөз өнерінің алар ерекше орны бар екені белгілі. Осы тұрғыдан келгенде сопылық поэзияның түркі дүниесіне тән дүниетанымды, салт-сананы, әдет-ғұрыпты өз бойына сіңіруі заңды. «Қ.Ясауидің сопылығы поэзиямен де, саясатпен де, өнермен де,

тарихпен де, экономикамен де, ал, кеңірек айтқанда түркітілдес қоғамның бүкіл менталитетімен етене ұштасқан», – деп жазады ясауитанушы А.Әбдуов (Әбдуов А., 2022: 7).

Ясауи хикметтерінің мән-мазмұны ұлы гуманистік мұратты арқау етуімен маңызды. Түркі тілдес халықтар поэзиясындағы хикмет жанрының алғашқы әрі тамаша үлгісі ретінде «Диуани хикметтің» руханият және әдебиет тарихынан алар орны ерекше. Шығыс поэзиясынан тамырланған бұл жанрдың аясына поэзияның бірнеше пішіндік түрі қамтылған.

Жұмақ пен тозақ туралы әлем әдебиетінде біраз көркем туындылар жазылды. Олардың қатарында итальяндық ұлы ақын Данте Алигьеридің (1265-1321) «Құдыретті комедиясын» айтуға болады. Ойымызды А.Әбуовтің мына пікірі қуаттай түседі: «Біз Қ.А.Ясауидің «Хикметтерін» түркі халықтары мәдениеттерінен, ішкі рухани жан дүниесінен мағлұмат беретін поэзияның діни-философиялық жанр дүниесі деп тануымыз. Оның көптеген сюжеттері де әлемге әйгілі шығармаларымен идея жағынан ұқсас болып келеді. Мәселен «Диуани хикмет» пен Дантениң «Божественная комедия» арасында ұқсастық бар» (Әбдуов А., 2022: 14). Бұл ғана емес, әлем әдебиетіндегі басқа да көрнекті тұлғалар туындыларындағы гуманистік идея Қ.Ясауи дастанымен өзектес.

Дантениң бұл поэмасы рух әлемін ерекше қалыпта өлеңмен өрнектеген құнды дүние ретінде ғасырлармен бірге мәдени жадымызда жатталып келсе, Қ.Ясауи туындысы да дәл осы биікте деп білеміз.

Ясауи хикметтерінің жазылу тарихы, поэтикасы, сопылық-философиялық идеясы, қоғамдық-әлеуметтік мәні, ислам діні құндылықтарын насихаттаудағы орны туралы Н.С.Банарлы, Е.Э.Бертельс, А.К.Боровков, Э.Р.Рустамов, В.И.Зохидов, т.б. ғалымдар жан-жақты зерттеді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Ясауи мұрасы жан-жақты зерттеліп, құнды тұжырымдар жасалды. Қазақстан және Өзбекстан ғалымдары тарапынан Ясауи мұрасы

аударылып, жарияланды. Зерттеу мақалалары жазылып, жаңа дереккөздер ғылыми айналымға енгізілді. Ясауи мұрасын гуманитарлық ғылымдар аспектісінде зерттеуге Ә.Нысанбаев, М.Жармұхамедов, М.Шафиғов, С.Дәуітов, А.Әбуов сияқты ғалымдар үлес қосты.

Данте Алигьеридің «Құдыретті комедиясы» әлем әдебиеттануында жан-жақты зерттелді. Ғалымдар Дантениң «Құдыретті комедия» туындысының философиялық, рухани, тілдік, мистикалық мәнін, сондай-ақ құрылымы мен көркемдік табиғатын жан-жақты қарастырды. Бұл еңбектердің ішінде Томас Элиоттың «The Use of poetry and the Use of criticism» (1933) кітабына кірген Данте туралы зерттеуін және А.Х.Горфункельдің «Қайта өрлеу дәуірінің философиясы» (1980), К.Ланданың «Дантениң «Комедиясындағы» қуаныш поэтикасы» (Ланда, СПб, 2021) монографияларын атауға болады.

Қ.Ясауидің «Диуани хикметі» мен Дантениң «Құдыретті комедиясындағы» өзектес идеяны ясауитанушы ғалым А.Әбдуов «Қожа Ахмет Ясауидің дүниетанымы» зерттеуінде атап өтеді.

Қожа Ахмет Ясауи – күллі түркі дүниесінің рухани ұстазы, имандылық пен рух тазалығын биік тұтқан сопылық ағымның ұлы тұлғасы. «Диуани хикмет» кітабы – көшпелі түркі елдерінің фольклоры үлгілеріне негізделіп, соларға тән тілдік-стильдік ерекшеліктерді пайдалана отырып жазылған философиялық-дидактикалық мазмұндағы көркем туынды. Бұл жазба мұраның түпнұсқасы сақталмаған. Ең ескі нұсқасы ХҮ ғасырда араб әрпімен көшірілген. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басында Қазан, ХХ ғасырдың басында Стамбул және Ташкент баспаларынан жарық көрген.

Данте Алигери – Орта ғасырдың соңғы, Қайта өрлеу дәуірінің алғашқы ақыны. «Құдыретті комедия», дантетанушылардың айтқандарына сүйенсек 1300 жылдың қасиетті бір жұмасынан бастап он күн бойы ақынның көргендерінің нәтижесінде туындаған. Поэма 1307-1321 жылдары жазылған. Бұл эпикалық туындыны ғылым дүниесі Орта ғасырдағы Италия өмірінің энциклопедиясы ретінде бағалайды. Флоренцияда дүниеге келіп, Париж және Болонья университеттерінде білім алған ақын ежелгі дәуірлерден жеткен мұраларды, өзінен бұрынғы ұлы ақындар шығармаларын жетік білген. Ежелгі Рим ақыны, әйгілі «Энеиданың» авторы Вергилийді ұстаз тұтқан.

Дантенің поэмасы «Тамұқ», «Тазару орны» (немесе «Бәрзак», К.Ахметов аудармасында), «Бейіш» (түпнұсқада итальянша – «Inferno», «Purgatorio», «Paradiso», орысша аудармасында – «Ад», «Чистилище», «Рай») атты бөлімдерге жүйеленіп, әрқайсы отыз үш жырдан түзілген. «Тамұқ» бөлімінде қосымша бір жыр бар. Сонда жалпы құрылымы жүз жыр. Қ.Ясауи дастаны жүз отыз төрт хикметтен, «Сөз басы» және «Барлық арман-тілектерді қабыл алушы Аллатағаланың мейіріне мінәжат» деп аталатын бөлімдерден тұрады. Ар-ождан мен имандылық туралы пайым рух кемелдігі тұрғысынан байыпталатын бұл жәдігерліктің басы:

Құдыретпен Хақтан сізге пәрман болды,  
Жалғыз теңіз іші түстім, достар.  
Сол теңізге Жасаған пәрман қылды,  
Биһамдилла, сау-саламат кештім достар.  
Жасым жетті, өмір кетті, көкке ұштым –  
Бауырым тасып, сасқанымнан жерге түстім.

Нәпсі, шайтан дегендермен көп күрестім,

Сабыр – риза кезеңнен астым достар (Ясауи Қ., 2016: 7), –

деген жолдармен басталып, автордың Жаратушы, өмір жайлы философиялық пайымы мен өзінің өмірлік мұраты танылады. Тоғыз жасында, он екі, он үш, он төрт, он бес жасындағы әрекеттері баяндалып:

Тәубе қылып, бойысұнып Хаққа келдім,

Тәубе қылып жазықты істен қаштым, достар (Ясауи Қ., 2016: 7), –

дейді. Он бес жас –рухани кемелденуге жақындау жасы ретінде айтылады.

«Теңіз ішіне түсу», «теңіз кешу», «нәпсімен күресу», «өз нәпсісіне кепіл болу», «сабыр – риза» кезеңінен «пақыр – риза» кезеңіне өту, «сүңгуір болып, дарияға шому», «шәрбат ішу», «тәубе қылу» – автордың рухани кемелдену жолындағы іс-әрекеттері. Бұдан әрі қырық, елу, алпыс жас баяндары беріледі. Сөйтіп алпыс үш жасында қылуатке түсуі – тазаруға жасалған ақтық қадамы болады.

Бақұлдасып жер астына қадам қойдым,

Жарық дүниені харам қылып, Хақты сүйдім...

Таһа оқып тіке тұрдым түні бойы,

Кеште намаз, ораза ұстап күні бойы.

Осы халмен жер астында өне бойы,

Мұстафаны жоқтауменен кірдім ғой мен (Ясауи Қ., 2016: 19)

Рухани тазару, күнә атаулыдан арылу – діни танымда рух өзінің мәңгілік тұрағына жету үшін атқарылатын міндетті рәсім. Бұл ұғым қалыптасуының басында (терминнің пайда болуы 1150-1250 жж.), тазару адам қайтыс болғаннан кейінгі аралық мекен болады, онда ол бірқатар оқиғаларды бастан кешіреді деген сенім тұр. Тазару, арылу ортағасыр адамының санасына мәңгілік өмірге, ақыретке деген сенімді ұялатты, сонымен қатар нақты өмірде жасалған күнәлардан арылу, яғни «кешірім алу» үмітін сыйлады. Ақыр соңында, тазару адамның өзі өз іс-әрекеттеріне тірі кезінде жауапкершілікпен қарап, адами құнды қасиеттерді саналы түрде өзі алып жүруі

керектігін сезіндіреді, пенде атаулының бұ дүниедегі күнәларынан толығымен арылу үшін қиындық пен азапты жолдан өтуі керек екенін ұғындырады. Рухани танымдық мазмұндағы Ясауи хикметтерінің негізгі мәні осында жатса, адамзат жадындағы тылсым сырлы әлемді поэтикалық тұрғыда бейнеленген Дантениң туындысы да осымен өзектес.

Ясауи хикметтерінің алтын өзегі – рух мекені фәни мен бақи деп аталып-түстелетін екі әлемде адам баласының басты адами міндеті – адамгершілік атты ұғыммен өмір сүруі.

«Құдіретті комедия» өз дәуірінде жерден тысқары дүние хақында ой толғайтын қасиетті поэма («роета сага») ретінде танылған. Ал бүгінгі көзқарас тұрғысынан бағаласақ, философиялық ойларды көркем бейнелеулер арқылы ұсынатын бұл шығарма – «Тамұқ», «Бәрзақ», «Жұмақ» деп аталатын үш бөлімнен (кантикадан) тұратын, поэзиялық формада жазылған эпикалық туынды» екенін осы поэманы қазақ тіліне аударған қаламгер әрі зерттеуші К.Ахметов атап өтеді (Алигери Д. Құдыретті комедия. Орыс тілінен аударған К.Ахметов, 2012: 11).

Дантениң іздегені ақиқат жолы. Дантени Хақ жолынан жаңылдыра жаздаған «алдамшы, аяр елестер» болса, ол Ясауи айтқан пенделік «нәпсі» болмақ. Ясауи хикметінде «Хақты іздеу» – ұлы ақиқатқа жүгіну. «Хақтан қорқып отқа түспей пістім ғой мен» (1-хикмет, 8 б) деуі – ар-ождан алдындағы адами жауапкершілік.

Алпыс үшке жасым жетті, өттім ғапыл,

Хақ әмірін бекем тұтпай болдым жаһил.

Ғибадатты қаза қылып болдым жалқау

Жаманды іздеп, жақсылардан кеттім ғой мен (Ясауи Қ., 2016: 9).

Ясауи хикметінде істеген әрбір іс Жаратушы назарынан тыс қалмайтыны қайталай ұғындырылады. Жақсылық та, жамандық та – бәрі де жаратушыға аян.

Он бес жасында «Қызыр жолға салған жанның» бұдан арғы сапары әр хикметтің мазмұнына арқау болады. «Алпыс үште жерге кіру» себебі екінші хикметтегі жиырма екі шумақта баяндалады. «Уа достар, құлақ салғын айтқаным // Не себептен алпыс үште кірдім жерге?», – деп басталып, әр шумақтың төртінші жолы: «Сол себептен алпыс үште кірдім жерге» деп түйінделіп отырады. Рухани тазалыққа ұмтылу, Хақ алдындағы адалдық, адами ұлы мұратқа жүгіну, Ақиқатты тану – Ясауидің жер үстін тастап, қылуатке түсуінің басты мақсаты осында жатыр. Данте поэмасындағы «Бәрзақ» бөлімінде күнәдан тазару Ясауидің «Жер астына түсіп, Аллаға құлшылық ету» әрекетімен үндес келеді.

Адамзаттық жадында әуелде тұрақтаған архетиптік ұғымдардың бірегейі – рух. Ясауидің Хақты тануды уағыздауының басты мәнісі – рух кемелдігіне жету. Рух өз биігінде болуы керек. Ол биік рухани өлшемдермен бағаланады. Рухтың хаос пен космосқа, сол негізде туындаған жарық пен қараңғыға, ізгілік пен зұлымдыққа, күн мен түнге, ақ пен қараға, жақсылық пен жамандыққа тиесілілігі, осындай қарама-қайшы болмыстардың шайқасында басты орынға ие екені мифтік, және діни сенімде барынша айқын көрсетіледі. Рух мәңгілік өмірге ие деген сенім адамзат санасына әбден сіңген. Сондықтан да адам баласы туындатқан өнерде ол өзіндік орын иеленді, түрлі сөз өнері үлгілеріне тақырып болып, бейнелеу өзегіне алынды.

Әлемдік құрылым моделі бинарлық-диалалық сипатымен танылатыны белгілі. Бір-бірімен тығыз байланыстағы мұндай құбылыстар мен заттардың оппозициялық бітімі жаратылыс заңдылығынан туындайды. Қарабайыр мифологияда таңбаланған өмір мен өлім бұл екеуіне қатысты ұғым мен кеңістікті анықтады. Бұл дүниеден өту ежелгі дүние адамдары үшін екінші бір кеңістікке ауысу деп қабылданды. Екінші әлемдегі өмір бұл дүниедегі жан тазалығына байланысты жалғасын табатыны адамзаттық ізгілік қағидалары тұрғысынан түсіндірілді. «Диуани хикметтегі» пейіш

пен тозақ айтысы гуманистік идеяға негізделген сопылық танымдағы басты қағиданы танытуымен де құнды екенін ескерсек, осы тұрғыда айтыс жанры табиғатын тиімді пайдаланған автордың таным биіктігі мен кемелдігін ерекше атауға болады.

Ясауи хикметтеріндегі пейіш пен тозақтың сипатын екеуін айтыстыру тәсілімен таныту айтыстың қазақ, одан бұрын түркі халықтары танымына етене үлгі болуымен байланысты.

Хикметті сөйлетсек, пейіш пен тозақ таласы былай басталады:

Пейіш, тозақ таласар, таласуда баян бар, Тозақ айтар:

«Мен артық, менде Перғауын, Һаман бар».

Пейіш айтар:

«Білмейсің, сенде қандай талғам бар?! –

Перғауын, Һаман сенде-дүр, менде Жүсіп, Кенған бар»

(Қырық хикмет, 2013: 41).

Перғауын, Һаман – жаратушыға шәк келтіріп, өздерін тәңір санаған күнәһарлар. Тозақтың тіліне тиек болған бұл екеуі туралы қасиетті Құранда баян етілген. Ал, бейіштің осы екеуі менде деп мақтан еткен тозаққа «сенде қандай талғам бар?» деп сауал тастауы, әрі Жүсіп пен Кенғанды үлгі етуінің мәні өзгеше. Осылайша басталған айтыс әрі қарай былай өрбиді:

Тозақ айтар:

«Мен артық, дүниепарас көп құл жүр,  
Қолдарына салынған алмас кісен, от-шынжыр».

Пейіш айтар:

«Мен артық, мен – пайғамбар мекені,  
Алдарында олардың: кәусар, һүр мен нөкері» (Қырық хикмет, 2013: 41).

Тозақ өзіндегі жандардың қолында алмас кісен, от-шынжыр жүргенін мақтан етеді.

Пейіш өзінің пайғамбарлар мекені екенін, оларға тиесілі кәусар мен нөкерлерді, үр қыздарын айтады.

Тозақ сонда тайталасып, өзіндегі денесін азап пәршалайтын жөйіт пен тарса туралы айтады.

Пейіш болса өзіндегі иманды құлдарымен, мүміндерге тиесілі нығмет – гүлзар бағымен марқая сөйлейді.

Пейіш айтар:

«Мен артық, менде иманды құлдар бар,  
Момындардың алдында шексіз нығмет – гүлзар бар»  
(Қырық хикмет, 2013: 41).

Тозақ залым құлдарымен, оларға берілетін зәһар-зәрімен мақтанса, пейіш өзіндегі ғалым құлдарын, олардың көңілінде аят пен хадистің барын алға тартады.

Тозақ айтар:

«Мен артық, залым құлдар бар менде,  
Залымдарға беретін зәһар – менде, зәр – менде».

Пейіш айтар:

«Мен артық, ғалым құлдар – төрімде,  
Аят, хадис, құран бар ғалымдардың көңілінде»  
(Қырық хикмет, 2013: 41-42).

Тозақ тағы да өзінің артықшылығы ретінде алаяқтарды, мойынына оттан кісен салынған мұнафықтарды атаса, пейіш көңілінде зікірі мен пікірі бар сопыларды, хақ жолын тұтынған жандарды айтады:

Тозақ айтар:

«Мен артық, алаяқ бар – қойынымда,

Оттан ескен кісен бар мұнафықтар мойынында».

Пейіш айтар:

«Мен артық, менде – хақ жол тұтқандар,  
Сопылардың көңілінде зікір, пікір, Сұбхан бар»  
(Қырық хикмет, 2013: 41).

Тозақ болса өзінде намазға жығылмаған аярлардың бар екенін, олардың мойнындағы жылан мен шаянды айтады. Сонда пейіш өзінің артықтығын адамның ұлы мұратымен, жаратушының ұлы сипат-есімдерімен дәлелдейді:

Пейіш айтар:

«Мен артық, менде – Дидар-Мұратың,  
Жар Дидарын көрсетер бар Рахман-Рахым!»  
(Қырық хикмет, 2013: 42)

Айтыс пейіштің жеңісімен, тозақтың жеңілісімен тәмамдалады. Тозақтың дәлелдері мен мақтан тұтқандары адам баласы үшін тағлымды іс еместігі, жақсылықпен емес, жамандықпен, ізгілікпен емес зұлымдықпен байланысты екендігі, ал оның жаратушы Хаққа ұнамайтыны ақиқат. Сондықтан да бұл айтыстың соңы пейіштің салтанатты жеңісімен, ғибратпен, даналықпен түйінделеді:

Тозақ сонда тақ тұрды,

Пейіш көкке самғады, ал,

Құл Қожа Ахмет, не білдің? –

Білдіруші Алла бар! (Қырық хикмет, 2013: 41)

Ясауи айтыс үлгісінде жақсы мен жаманды, адамға тән ізгі қасиеттер мен адам аулақ болар жаманшылықты, адамшылыққа жат зұлым әрекеттерді және игі істерді сипаттайды. Оларға баға береді. Оқырманға рухани тазалықты өнеге етеді.

Жұмақ Данте поэмасының үшінші бөлімінде бейнеленген. Дантенің сипаттауында бейіш жұмақ бағы, аспан жұмағы және аспан қабаттарындағы бақытты жандар тұрағы. Бейіштің құрылымы:

– бірінші саты – Ай, антты өз еркінен тыс бұзған және сол үшін жұмақтың ең төменгі сатысына шыққан тақуалардың мекені;

– екінші саты – Меркурий, реформаторлар, әділет сүйгіш қайраткерлердің және жазықсыз зардап шеккендердің тұрағы;

– үшінші саты – Шолпан, ғашықтар мекені;

– төртінші саты – Күн, данышпандар мен ұлы ғалымдардың мекені. Олар екі шеңберді құрайды (қол ұстасып, дөңгеленіп жүру түріндегі би);

– бесінші саты – Марс, сенім жолында күрескен жауынгерлер мекені;

– алтыншы саты – Юпитер, әділ билеушілердің мекені;

– жетінші саты – Сатурн, дін мамандары мен монахтардың («ойшылдар») мекені;

– сегізінші саты – жұлдыздар әлемі, «жеңімпаздар» мекені;

– тоғызыншы саты – Жаратушы, кіршіксіз мөлдір аспан, періштелер мен әулиелердің мекені;

– оныншы саты, бейіштің соңғы қабаты – Эмпирей – жалындаған раушан және сәуле шашқан өзен (раушанның өзегі – аспан амфитеатрының аренасы). Өзен жағасында (амфитеатрдың баспалдақтары, ол тағы екі жарты шеңберге бөлінеді – ескі өсиет және жаңа өсиет) бақытты жандар отырады. Құдай мен бақытты жандардың мекені Элиот, 1996: 418-520).

Данте туындысындағы отыз үш жырда жұмақ бейнесі жарқыраған, нұр шашып, шұғылаға шомылған кеңістік болып көрінеді. Мысалдар келітрейік:

Күн ғана өткізетін нәрін ізгі,

Гауһардай мөлдір әрі мамықтай бұлт

Күшқандай сезіндім мен бәрімізді.  
Бұл гауһар – тарқамайтын бу сияқты,  
Сіңіріп алды бізді өз ішіне,  
Шуақты бойға тартқан су сияқты.  
Тәнді едім жер бетінде жүргенімдей;  
Орайы болмаса да, мына әлемге  
Сіндім мен тәннің тәнге кіргеніндей. (Алигери Д, 2012: 425)

Немесе:

Өнгендей шуақ тұнған айналадан,  
Тағы бір жайдары нұр жарқырады  
Ақықтай күн шапағы аймалаған (Алигери Д., 2012: 469).

Ясауиде бейіштің болмысы Жүсіптің, Кенғанның сонда болуымен, пайғамбарлар, екені екендігімен, кәусәрі мен гүлзары, иманды жандар, көкірегінде аят. Хадис, құраны бар ғалымдар, ең бастысы – Жаратушының шапағаты төгілген орын болуымен сипатталады.

Адам баласының ұлы мұраты – парасат биігінде тұрақтау. Мұсылмандықтағы сопылық ілімнің басты қағидасы – жүректі тазарту, ақиқат жолына адал болу. Жаңылыс басқан пендеге мүмкіндік беріледі. Сопылық ілімге тән «адамгершілік, Алланы сүю арқылы Алланың махаббатымен жаратылған бүкіл он сегіз мың ғаламды түгел сүю, құрметтеу, адам мен табиғаттың тұтастығы, обал, сауап, адал, арам, күнә, сабыр, қанағат т.б. басты адамдық ұстанымдар» зерттеушілер (Нұрдәулетова т.б., 2022: 81) болса, бұның тамыры адамзаттың жаратылыс тарихында жатқаны ақиқат. Дантенің суреттеуіндегі тамұқта азапталушы кейіпкерлер осы аталған адамдық ұстанымдарды тұтынбаған күнәһар жандар. Ал, бәрзақ әлемі – адам баласының ізгілікке жету жолындағы күресінің алаңы. Рух кемелдігінің салтанат құруы бейіштегі көріністерге арқау болған.

Қ.Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегі адамзаттық ұлы мұратты ардақ тұтуды үлгі етеді, санаға сіңіреді. «Сопылық әлемдегі ең басты ұстаным – «шынайы адами болмысқа», яғни «Алланың сүйген құлы» дәрежесіне жету болса, оның бірден-бір жолы жүректі тазалаумен байланысты болды», – деп көрсетеді жыраулар поэзиясындағы шынайы адам болмысын қарастырған Б.Нұрдәулетова бастаған зерттеушілер (Нұрдәулетов т.б., 2022: 75). Сөз өнерінің алтын өзегіндегі бастау көз ізгілік десек, сол бастаудан тамыр үзбей, рух дүниесін нәрлендіріп отыру адамзаттық мәңгілік мұрат. Шынайы адами болмысқа ие болудың пенде баласы үшін қаншалықты маңызды екенін бұл туындылар бірі танымдық, екіншісі көркемдік тәсілмен таныта түседі.

Адамзат танымында орныққан о дүниедегі рухани өмірді поэтикалық кеңістікте барынша терең бейнеленуі Данте қаламына тән. Сөз өнерінің ұлы туындылары ішіндегі гуманистік идеяны танытудың бірегей үлгісі санатындағы Дантенің «Құдыретті комедия» туындысын руханияттың ұлы тұлғасы Қ.Ясауидің «Диуани хикмет» мұрасымен үндестіретін осы жайт. Данте тозақтың, тазару алаңының, бейіштің болмысын тылсым әлемде өзіне жолбасшы болған Верилий мен сүйікті аруы Бетаричені оқиғаға араластыра отырып барынша кең полотнода бейнелесе, Ясауи бейіш пен тозақты айтыстыра отырып, аз сөзбен көп мағынаны ұқтырады.

Қ.Ясауи пейіш пен тозақты айтыстыра келе адамзат баласының мәңгілік мұратына айналған рух биіктігі мен кемелдігін, адами танымда салтанат құратын мінсіз ақиқат әлемін өнеге етеді. Бұл ғибрат-өнегені жырлауда халықтық мәдени танымда ерекше мәнге ие болған айтыс үлгісін де назарға алуы ғұлама ойшылдың теңдессіз білімі мен білігін, әлемдік, адамзаттық деңгейдегі айрықша рухани болмысын аңғартады. Қожа Ахмет Ясауи еңбегінің дәуірлік мәні мен қуатын әлем әдебиетіндегі үздік үлгі «Құдыретті комедиямен» салыстыру арқылы құндылығын таныту.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Алигери Д. Құдыретті комедия. Орыс тілінен аударған К.Ахметов. Астана: Аударма, 2012. – 792 б.
2. Әбдуов А. Қожа Ахмет Ясауидің дүниетанымы. Алматы: «Көкжиек-Горизонт», 2022. – 204 б.
3. Көпеев М. / құраст. С.Е. Нұрмұратов және т.б. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013 – 359 б.
4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том: А–Д. Алматы: DPS, 2011. – 736 б.
5. Қырық хикмет. Құрастырған Нұржан С. Алматы: «Эффект» ЖШС, 2013. – 88 б.
6. Ланда К. Поэтика радости в «Комедии» Данте. Санкт-Петербург: Алетейя, 2021. – 540 с., ил.
7. Нұрдәулетова Б.И., Шохаев М.Т., Кенғанова А.Б. Жыраулар поэтикасындағы «шынайы адам» концептісі // *Turkic Studies Journal*. – 2022. – Т. 4. – No 2. – 72-85 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-2-72-85>
8. Элиот Т.С. Назначение поэзии. Статьи о литературе. Перевод с английского. Киев: AirLand, 1996. – 353 с.
9. Ясауи Қ. Диуани хикмет (Хикметтер жинағы). Қазақ тіліне аударғандар: Қ.Қари, Ғ.Қамбарбекова. Астана: «Ғылым» баспасы, 2016. – 210 б.

### Автор туралы

**Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы** - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан/ Астана

### Об авторе

**Аймұхамбет Жанат Аскербековна** — профессор Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, доктор филологических наук, Казахстан/Астана

### About the author

**Aymukhambet Zhanat Askerbekkyzy** is a Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Doctor of Philological Sciences, Kazakhstan/Astana

---

## МАЗМҰНЫ - CONTENTS - СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім	Section 1	Раздел 1
<b>ЯСАУИТАНУ: ДІНТАНУ ЖӘНЕ ТЕОЛОГИЯ</b>	<b>YASAWI STUDIES: RELIGIOUS STUDIES AND THEOLOGY</b>	<b>ЯСАВИЕВЕДЕНИЕ: РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ И ТЕОЛОГИЯ</b>
<b>САЙПУЛЛА МОЛЛАҚАНАҒАТҰЛЫ</b>		
ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНІҢ ҚАБІРХАНА ЕСІГІНДЕГІ ЖАҢА ЭПИГРАФИКА: ЯСАУИ ЕСІМІ МЕН ЛАҚАПТАРЫ ..... 5		
<b>Батырхан Болатбек Шәденұлы</b>		
ЯСАУИ ІШІМІНІҢ ТҮРКІЛІК ИСЛАМДАҒЫ ОРНЫ ..... 10		
<b>GOODARZ RASHTIANI</b>		
KHWAJA AHMAD YASAWI AND HIS LEGACY IN PERSIAN SOURCES AND RESEARCHS ..... 17		
<b>ALI RAFET ÖZKAN</b>		
AHMED YESEVI HIKMETLERI PERSPEKTIFINDEN 21. YÜZYILDA KAZAK ET- NO-KÜLTÜREL KIMLIĞI VE TOPLUMSAL BÜTÜNLÜK: ÇAĞDAŞ MEYDAN OKUMA-LAR VE YESEVI’NIN MIRASI .... 30		
<hr/>		
2-бөлім	Section 2	Раздел 2
<b>ЯСАУИ МҰРАСЫ: ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ</b>	<b>YASAWI HERITAGE: LANGUAGE AND LITERATURE</b>	<b>НАСЛЕДИЕ ЯСАВИ: ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА</b>
<b>САВБОРОВ НУРБОЙ</b>		
AHMED YESEVÎ İLE YUNUS EMRE’NIN HIKMETLERİNDE EDEBÎ VE İRFÂNÎ ETKİLER ..... 39		
<b>HOSSEIN KHOSHBATENI</b>		
PIR-I MUĞAN, HOCA AHMET YESEVÎ’NIN DIVAN-I HIKMET’İNDE VE İRAN EDEBİYATINDAKİ SŪFÎ ŞAIRLERE ETKİSİ ..... 46		
<b>ПЫЛЕВ АЛЕКСЕЙ ИГОРЕВИЧ</b>		
ПОЭТИЧЕСКАЯ АВТОБИОГРАФИЯ ХОДЖИ АХМАДА ЙАСАВИ В «КАЗАНСКИХ» СБОРНИКАХ «ДИВАН-И ХИКМАТ» ИЗ ФОНДОВ БИБЛИОТЕКИ СПБГУ (ПОЭТИЧЕСКАЯ ФОРМА И АСПЕКТЫ СОДЕРЖАНИЯ)..... 58		
<b>АЙМҰХАМБЕТ ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ</b>		
ЯСАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ДАСТАНЫ МЕН ДАНТЕНІҢ «ҚҰДЫРЕТТІ КОМЕДИЯ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ЖҰМАҚ БЕЙНЕСІ ..... 68		

3-бөлім	Section 3	Раздел 3
<b>ЯСАУИТАНУ: ӘЛЕУМЕТТІК- ГУМАНИТАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР</b>	<b>YASAWI STUDIES: SOCIAL AND HUMANITARIAN RESEARCH</b>	<b>ЯСАВИВЕДЕНИЕ: СОЦИАЛЬНО- ГУМАНИТАРНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ</b>
<b>IŞIK ZEKERİYA</b> <i>OSMANLI KAYNAKLARINA GÖRE HOCA AHMED YESEVÎ</i> ..... 78		
<b>ШАМЕТОВ САКЕН ТАЛАСБЕКҰЛЫ БАЙБОЛОВ БЕРІК ҚЫСТАУБАЙҰЛЫ УРКИНБАЕВА АЙГУЛ ЖӘНІБЕКҚЫЗЫ</b> <i>ҚЫЛУЕТ ЖӘНЕ ОҚШАУЛАНУ ДӘСТҮРІ</i> ..... 89		
<b>ДҮЙСЕНОВ БАҒДАТ ДАНИЯРҰЛЫ</b> <b>Қ.А. ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНІҢ АРАБ ЖАЗУЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ</b> ..... 100		
<b>DEVIN DEWEESE</b> <b>THE SUFI TREATISE ASCRIBED TO ISMĀ‘ĪL ATA: NOTES ON AN EARLY YASAVĪ SOURCE IN TURKIC</b> ..... 107		